

**Алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге лицензия алған
салық төлеушілерге жаднама**

1. Алкоголь өнімі тек ілеспе жүкқұжат бойынша сатып алынуы тиіс. Алкоголь өнімін жеткізуші алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізуге лицензиясы бар кәсіпорындар бола алады.

Бөлшек лицензиат алкоголь өнімін алғаннан кейін, алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарын (АІЖ) жеткізушімен Салық төлеуші кабинетінің «АІЖ» қосымшасында АІЖ ресімдеген күннен бастап **25 күнтізбелік күн ішінде** электрондық түрде растайды немесе кері қайтарады.

2. ҚР аумағында ақшалай есеп айырысулар жалпы пайдаланымдағы телекоммуникация желісі жоқ жерлерде қызметі орналасқан салық төлеушілерді қоспағанда, міндетті түрде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналарды қолданумен жүзеге асырылады.

3. 2018 жылға келесі ең төменгі бөлшек бағалар қолданылады:

арақ және ерекше арақтар, күшті ликер-арақ бұйымдары және өзге де күшті алкогольді сусындар 27.03.2018 ж. – 1900 теңге / л)

темекі өнімдеріне –20 (жиырма) фильтрлі темекіге 01.07.2018 жылдан бастап - 360 теңге, 01.01.2019 ж. бастап – 380 теңге

4. Этил спирті мен алкоголь өнімін:

1) сәйкестік сертификатынсыз (және белгілерінсіз) және (немесе) сәйкестік туралы декларациясыз;

2) техникалық регламенттердің талаптарына сай келмесе сатуға тыйым салынады.

2. Мыналарға:

1) қаңылтыр ыдыста (сырадан, сыра сусыны мен күштілігі он екі пайыздан төмен әлсіз градусты ликер-арақ өнімдерінен басқа), этикеткасы жоқ шөлмекте және пластикалық сауытта (сыра мен сыра сусынын құюды қоспағанда);

2) аралас полимер ыдыста, оның ішінде полиэтиленмен қапталған картон орамда және картон қорабына салынған, фольгаланған полиэтилен пакетінде;

3) лас, майысқан, сондай-ақ анық сынық белгілері, зақымдалған тығыны бар шөлмекте, сондай-ақ тұтасымен тұнық емес, жат қоспалары, түбінде тұнбасы бар (коллекциялық шараптардан басқа);

4) есепке алу-бақылау маркасымен таңбалануға жататын болса да есепке алу-бақылау маркасынсыз, сондай-ақ белгісіз бір үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін маркасы бар алкоголь өнімінің айналымына тыйым салынады.

3. Алкоголь өнімін:

1) тиісті лицензиясы болмаса;

2) денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында;

3) осы Заңның 1-бабының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген орындардан тыс жерлерде;

4) лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған кезеңде;

5) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мерзімдер мен мөлшерлерде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы төленбесе;

6) есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру аспаптары болмаса, сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

4. Бөлшек саудада:

1) алкоголь өнімін жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға;

2) арақтарды және айрықша арақтарды, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарын бөлшек сауда бағаларынан төмен бағамен;

3) мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін: сағат 23-тен келесі күнгі 8-ге дейін;

этил спиртінің отыз проценттен асатын көлемдік үлесімен сағат 21-ден келесі күнгі 12-ге дейін өткізуге тыйым салынады.

5. Ілеспе жүкқұжаттары жоқ, сондай-ақ этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу және пайдалану қағидаларын бұза отырып жасалған, этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымына және олардың орнын өзгертуге тыйым салынады.

01.01.2018 ж. бастап ҚР Салық кодексінің 555-бабына сәйкес, жыл сайынғы лицензиялық алым Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемге ауыстырылды.

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияны пайдаланғаны үшін төлем алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде алынады.

Төлем ставкалары:

Р/с №	Лицензияланатын қызмет түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері, жылына (АЕК)
1	2	3
3.	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу, қызметті жүзеге асыратын субъектілер үшін әрбір қызмет объектісі үшін:	
3.1.	Петропавл қаласында	100
3.2.	Тайынша қ., Мамлютка қ., Сергеевка қ., Булаев қ.	60
3.3.	ауылдық елді мекендерде	20

Төлемақы төлеушілер төлемақы сомаларын өзінің тұрған жері бойынша **ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірмей** тең үлестермен жыл сайын **105434 БСК -ге** төлейді.

Егер есепті салық кезеңінде лицензияны пайдалану кезеңі бір жылдан кем болса, төлем сомасы бір жылға есептелген төлем сомасын он екіге бөлу және жылына лицензияны (толық немесе толық емес) пайдалану айларының тиісті санына көбейту жолымен айқындалады.

Бұл ретте лицензия алу кезінде төлем төлеу бойынша міндеттемесі лицензия алу жылынан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап туындайды.

Төлем әрбір қызмет объектісі үшін алынады.